

Шет ауданы Босаға ауылындағы көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Шет ауданы Босаға ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 сәуірде № 4710 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және 2016 жылғы 20 желтоқсандағы Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындылары негізінде, сондай-ақ ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Босаға ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Шет ауданы Босаға ауылындағы Восточная көшесінің атауы – Тәуелсіздік көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Босаға ауылдық округінің әкімі

А.Қ. Мұқашев